

M. T. Мәңеібаева

**Ғылыми жетекшісі: У. Ш. Шапақ, ұлттық құқық жөнін мектебінің про-
ректор-директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор
(Казақ гуманитарлық заң университеті)**

**СОТ ПРЕЦЕДЕНТИ АРҚЫЛЫ ҚҰҚЫҚТАҒЫ
АҚТАНДАҚТЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ**

Қазіргі заманда бүкіл дамыған мемлекеттерде құқықтық жүйенің екі түрі — роман-гер-
мандық және англосаксондық жүйелер үстем болып келеді. Бірақ, өздерін сыйлайтын мем-
лекеттер осы құқықтық жүйелерден өздеріне қажеттерін ғана алып, негізгі құқықтық жүйе
ретінде ғасырлар бойы қалыптасқан және дамыған өздерінің ұлттық құқықтық жүйелерін
пайдаланып келеді. Зангерлер тілімен айтқанда, бұл құбылыс «рецепция» деп аталады.

Енді, өз еліміздегі құқық мәселесіне көnl аударсақ, 1992 жылы Мемлекеттік бағдар-
лама, ал 2003 жылы Құқықтық концепция қабылданды. Бұл бағытта біраз жұмыс істеліп жа-
тырып, оған ешкімнің де күмәні жоқ шығар. Бірақ біз бір жағымызда өзінің қалыптасқан
құқықтық жүйесі бар дамыған Батыс пен жедел әрі қарқынмен дамып келе жаткан Шығыс-
тың ортасында аландап, дағдарыста тұрып қалған жокпыз ба? Не істей қажет? Қай жакқа ба-
дар жасаймыз?

Бұл жерде орта ғасырларда қазақ хандығында пайда болған және казақ қоғамымен ка-
былданған әдет-ғұрып құқығы негізінде қалыптасқан құқықтық жүйені еске алсак, халық-

аралық құқық жүйесінің елесіне еліктеіміз деп, біздің құқықтық жүйе өзінің ерекшелігін жоғалтып ала ма деген қауіп бар. Әлде біздің төл құқықтық жүйеміз болған жоқ да?

Егемендік алғаннан бері қабылданған кодекстерді мысал ретінде алатын болсақ, ешбір құжатта қазақтың әдет-ғұрып құқығынан ештеңе алынбаған. Барлығы дерлік Ресейдің кодекстерінен «көшірмеленіп», жыл сайын немесе қажеттілігіне қарай өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп отырады. Дегенмен, ғасырлар бойы қалыштасқан қазақтың әдет-ғұрып құқығынан көп нәрселер алуға болатын еді гой. Мәселен, XVII ғасырдың сонында Тәуке ханның билігі тұсында қазақтың әдет-ғұрып құқығына талдау жасаланыш, «Жеті жарғы» деп аталып тарихи-құқықтық құжат жарық көрді. Бұл құжаттың «Жесір дауы» белімі жесірлерге және жетімдерге арналған. Қазақ қоғамында бұрындары «жетім», «тастанды бала» немесе «жесір» деген түсініктер болып көрмеген. Біздің ата-бабаларымыз өмір сүрген жағдайда, жалғыз өмір сүру мүмкін емес болған және некесіз бала туу деген жағдай отбасына жақынжекжаттарына, тіпті сол руга ұят болып саналған.

Қазақстанның Ресей, кейіннен КСРО құрамында болған кезінде және егемендік алғаннан кейін де жетімдердің, тастандылардың және жесір әйелдердің саны көбейіп кетті. Қазіргі уақытта мемлекеттіміздің мұндай балаларды тәрбиелеуге күші мен қаражаты жетпегендіктен, біздің жетімдеріміз шетелдің азаматтары үшін оңай олжаға айналды. Өйткені бала асырап алуды рәсімдеу қарапайым түрде жүзеге асырылады. Сөйтіп, ата-ананың аялы алақаңын көрмеген үрпағымыз оп-оңай шет ел асып кетуде.

Мақаланың көкейтесті мәселесі ретінде құқықтағы «адамгершілік» тақырыбына тоқтасқ, адамның құқығы мен бостандығына қатыстының бәрі Батыска байланысты деген ой туындаиды. Орта ғасырлардағы Батыс Еуропаның сот жүйесі бөгде ойлайтындар мен қарапайым халықты коркыту немесе үрейлендіру негізінде құрылса, жапан далада жүрген біздің ата-бабаларымыз «адамгершілік» түсінігімен жете таныс болған. Біздің ата-бабаларымыз, өздерін табиғаттың бір белігі ретінде санаған, сондықтан адамгершілікке жатпайтын өрескел қылмыстарды жасамаса, адам баласаның өмірін алуға ешкімнің құқығы жоқ деп есептеген. Тіпті, өрескел қылмыс жасаған қылмыскердің өлім жазасы еki жақтың келісімі бойынша құнмен ауыстырылғанын өз еңбектерінде Ш. Уалиханов пен Л. Гумилев атап өткен.

Енді мақтан етер ағылшындардың, ал қазір американдықтардың «прецеденттік құқығына» тоқталып өтейік. Құқықтың бұл түрі ағылшындар қоғамында XII ғасырда құрылған болса, кейіннен XV-XVIII ғасырларда қазақ қоғамында әдет құқығының қайнар көзінің бірі болып бидің билігі деп аталған сот прещеденті пайда болды. Құқық мәселелері билер соғының тәжірибесімен әрдайым толықтырылып және өзгертуліп отырды. Құқық нормасында карастырылған күрделі істер бойынша белгілі билердің шешімдері прещедент сипатын ала отырып болашакта сондай істерді шешу үшін үлгі ретінде қызмет етті. Өте маңызды және күрделі үкімдер халық арасында сақталып, «билер сезі» деп аталып кеткен. Олар қазіргі заманға ауызша түрде үрпақтан үрпаққа беріліп, өз мәнін жоғалтпаганын фольклорлық бастаулардан байқай аламыз.